

Балқаш қаласы әкімі шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімінің 2025 жылғы 7 ақпандағы № 1-ш шешімі Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес ШЕШТІМ:

1. Балқаш қаласы әкімінің 2024 жылғы 12 ақпандағы "Балқаш қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде нөмірі № 193349 болып тіркелген) №1-ш шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Балқаш қаласының әкімі

С. Сатаев